

90 ЖАСҚА ТОЛАР ЕДІ...

Кәки ағаның өмір мектептері

...Осы мақаланы жазбастан бұрын көп ойландым. Себебі, жеке тұлғаның өмір жолын баяндау үшін ол адамды жақсы танып білуің керек, яғни, не артық, не кем айтпай – бағалай білуің қажет. Мен бұл ағамды бір адамдай білемін, соңынан ерген інілерінің бірімін, солай бола тұрса да, алғашқыда жүрексіндім... Ол кім? – десеңіз, «Батпаққараның» тумасы – Ақан Кәки Шәріпұлы.



шағына жол ашылған.

Осы жұмысты атқара жүріп, ол Қостанай қаласынан алты айлық баянистер курсына аяқтайды. Сөйтіп, сауатты музыкант болып шығады. Жас жігіт араласқан мәдени жұмыстар жандана түседі. Мекемеде ән, би, домбыра үйірмелері жұмыс істей бастайды. Кәки Шәріпұлының іскерлігін, өз қатарластары арасындағы сауаттылығын байқаған аудандық комсомол комитеті,

дық партия комитетінде қызмет атқарып жүргенде, мен аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін аупарткомның ұйымдастыру бөлімінің меңгеушісі ретінде әріптес болдым. Бұл кісіден ақыл-кеңес алдық, адаммен сөйлесе білу, құжаттармен жұмыс істеуді үйрендік. Одан кейін Арқалық қаласына қызмет бабымен ауысып, қалалық әкімдікте әлеуметтік салалармен жұмыс бөлімін басқардым. Сол кезде бұл кісі қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды. Жұмысымыз бір-бірімізге тікелей байланысты болды. Бірлесе отырып көп жұмыстар атқардық. Кәки Шәріпұлы ардагерлер кеңесін он бес жыл басқарды. Осы уақыт ішінде сол аймақ ардагерлерінің мұң-мұқтажын жоқтап, қажымай-талмай оларға көп қамқорлықтар жасауға мұрындық болды. Ардагерлер ұйымының беделін көтерді, жұмыс нәтижесін облыс бойынша алдыңғы қатарға шығарды. Соның айғағы Ресейдің

өнер бар!» десем – артық болар, ал, «сегіз өнерден асады» – десем – кем соғар. Ол домбырашы, баяншы, әнші, жыршы, сазгер, өлеңінің сөзін өзі жазады, ағаштан ою оятын шеберлігі тағы бар. Мұның сыртында ол кісінің жазған жазуы керемет қой! Әріптерді «қошқар мүйіздендіріп» көркемдеп-құбылтып жазудың хас шебері. Заманында партияға өткендердің 80 пайызының партбилеті Кәки ағаның қолымен жазылған. Мұның сыртында ағамыздың спортшылығы өз алдына.

Ағамыздың ерекше ден қойған спорт түрі волейбол. Ол аудандық құраманың мүшесі ретінде, өз кезінде облыстық деңгейдегі жарыстарға қатынасып, команданың бірінші, екінші орындарға шығуына зор үлес қосқан. Ағамыздың сөзін де, әнін де өзі жазған «Алтын ұя бесігім», «Мен-бақытты қазақпын», «Елім менің!», «Арқалық-астанасы Торғайымның», «Ардагерлер» әні аймақта сахнадан түспей, орындалып жүр.

Ал сен болсаң, тілім – тасқа! Сексенде

Сырнайынды сызылта-сың Нартайша – дейді.

Кәкеңнің өмір жолында қатар өскен, үзеңгілес інісі Орекен Алматұлы арнау өлеңінде:

Өнер сенің серігің ед қашаннан,

Сал-серісің әрбір қырын қашалған.

Ел абыройын көтердіңдер қосылып,

Кешегі өткен – Төкен менен Мейрамхан-десе,

наурызымдық ақын Темір Тілесұлы «Кәкимолла ағаға» деген өлеңінде былай толғайды:

Әуелетіп ән салса,

Төбіренеді тыңдаған.

Шаршамайды қолында,

Тағылым жазар қыл қалам.

Ақылы дария ғұлама,

Жаныңда жүр ғой ұлы адам.

Күнiрентiп аят оқыса – «...Бұхардан оқып келген» дер.

Молдасыз оқып игерген, Зор еңбекпен төгіп тер. Өмірі – мектеп білгенге, Оң қолдан өнер төгілген.

кейінгі соғыс жылдарына сәйкес келіп, таршылық пен жоқшылықтың дәмін татуға тура келді. Балалық бал дәуірінің қиыншылықпен өтті. Алайда, осының барлығы оның тез есейіп, алды-артын ойлап өсуіне ықпал етті. 1943 жылы Аманкелді орта мектебінің табалдырығын аттап, оны 1953 жылы бітіріп шығады. Оқуды одан әрі жалғастыруға тұрмыстық жағдайы болмағандықтан, өзі бітірген мектебіне пионер ұйымының жетекшілігіне жұмысқа қабылданады. Мектеп басшылығы оның мектептегі белсенділігін, жақсы оқығанын, тәрбиелілігін еске алады. Осылай басталған еңбек жолы бірте-бірте жоғарылай береді. Ол жасынан-ақ өнерге аса бейім болыпты. Соның нәтижесі деуге әбден болады: қабілетті жас жігітті аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшілігіне ауыстырады. Бұл оған көрсетілген үлкен сенім еді. Дәмнің жазуымен – сол сәттен бастап бола-

оның бірінші хатшысы Мансұр Шәкіржанов оны жастар ұйымына нұсқаушылыққа, кейін сектор меңгерушілігіне бекітеді. Бұл қызметті ол 1962 жылға дейін атқарады. Барлық қоғамдық жүктеме-тапсырмалардан қол үзбеген ол осы жылы партия қатарына қабылданып, көп ұзамай, аупарткомға: нұсқаушылыққа бекітіледі. Кәкі ағаның партия саласында осылай басталған жұмысы партияны таратумен аяқталды. Бұл екі арада ол сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісі, аудандық халықтық бақылау комитетінің, партиялық комиссия төрағасының қызметтерін абыроймен атқарды. Кезінде пленум, бюро, атқару комитетінің мүшесі болып сайланды.

1995 жылға дейін бір кооперативте жұмыс атқарып зейнеткерлікке шықты. Содан бері Арқалық қаласында тұрады. Мен жоғарыда бұл кісіні жақсы білемін дедім. Оның дәлелі ағамыз аудан-

Соның айғағы Республикалық Орталық ардагерлер ұйымының V съезіне делегат, әрі мүшесі болып сайланды. Осы жоғарғы ұйымның «Құрмет» белгісінің иегері атанды.

Кәкин Шәріпұлы тұрмысынан өнер дарыған адам болғандықтан, қалалық ардагерлер ұйымын басқарғаннан бастап, өнерпаз ардагерлердің ба-сын құрап, «Қазына» атты шығармашылық-көркемөнерпаздар ұжымын құрды. Оның қол жеткізген табыстары тамаша. Олардың бәрін баяндамай-ақ, 2015 жылы Республикалық фестивалда: домбыра ансамбілінің III орын алуы, 2016 жылы хор ұжымына «Халықтық» атақ берілуін айтсам да – жеткілікті болар.

Бұл ұжым облыстың тең жартысын гострольдик сапармен аралап шығып, тұрғындарға өз өнерлерін көрсетті, алдағы уақытта да жалғастыра бермек. «Ағамыздың бойында 80 түрлі

Ағамыз – өте қарапайым жан еді. Бірқалыптан ешуақытта өзгермейді. Сабырлы, салиқалы, қашан көрсен де жылы жүзімен амандасып, өзіне іш тартып, хал-жайынды сұрап жатады. Ол кісінің жүріс-тұрысы да, бой-басын ұстауы да ерекше. Мен осы жерден ағам туралы ойымды толық жеткізе алмағандықтан, ол кісі туралы ақындардың шығарған өлеңдерінен үзінді келтіргелі отырмын: аманкелділік жерлесіміз, ақын Хамитбек Мұсабаевтың Кәкі ағасына арнаған бірнеше өлеңдері бар еді, соның бірінде:

Жаратқанның шын сүйікті құлысың,
Алашыңның аяулы, асыл ұлысың!

Сахнаның, мәжілістің сан қилы

Көз қуантар көрікісін,
гүлісін! –десе, енді бір өлеңінде:

Кейбіреулер отызында ортайса,

Қырықында қалжыраса-қартайса,

Он қолдан өнер төгілген.
Ағаштан ойып оюды,
Түйін түйген темірден.
Қарапайым мейлінше,
Шығармас сырын бекер-ге.

Ағамызды мақтауға
Өлеңім, тілім жетер ме?
Сүйсініп қана жүрейін,
Мақтан тұтып сыртынан.
Аямас аға өнерін –

Өзі сүйген халқынан! – деп, ағасына деген жүрек-жарды лебізін осылай білдіреді. Осындай шын сүйіспеншілдіктен туған ақындардың өлеңін бір кітап етіп шығаруға болар еді... Бұл деген – ағамыздың өмір жолына халықтың берген бағасы. Осы ғұмырының ішінде ағамыздың еліне, халқына жасаған қызметі Үкімет тарапынан лайықты бағаланып келді. «Еңбек Қызыл Ту» ордені бастаған, «Ерен еңбегі үшін» медалі қостаған 15 түрлі орден, медальдар омырауында жарқырағанда ағамыздың абыройы асқақтай түседі. Бірнеше дүркін облыстық байқаулардың лауреаты, дипломанты, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы». Ағамыз – ордалы отбасының Абыз бабасы. Жапырақтары жайқалған мәуелі бәйтерек. Халқының қадірменді қариясы болды.

– Аллаға мың да бір шүкір! Өткен өмір жолыма ризамын. Ендігі тілегім: халқымның амандығы, елімнің бай-қуатты болып, бейбіт заманда өмір сүруі – деген еді абыз ақсақал.

**Әбдіқадыр
ӘБІЛТАЕВ,
саяси-тәрбие
жұмыстарының
ардагері**

Жақсылық жасап жарысайық!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы 2025 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін өткізіледі.

Осы акция аясында көмек көрсетуге ниет білдіретін демеушілер Арқалық қаласы білім бөліміне хабарласа алады.

Байланыс телефоны: 871430 7-19-50, 209 кабинет.

Арқалық қаласының білім бөлімі

Давайте делать добро вместе!

Министерство образования Республики Казахстан проводит Республиканскую акцию «Дорога в школу» с 1 августа по 30 сентября 2025 года. Цель акции – помочь детям из малообеспеченных и многодетных семей, детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, подготовиться к новому учебному году и предотвратить неявку в школу по социальным причинам.

Все, кто хочет помочь в рамках акции, могут обратиться в отдел образования города Аркалык.

Телефон для связи: 871430 7-19-50, кабинет 209.

Отдел образования города Аркалык